

**«Қазақстан Ұлттық Банкінің  
Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ**

2016 жылдың 31 желтоқсанында  
аяқталған қаржылық есептілігі

## Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың есебі	
Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есеп	6
Қаржылық жағдай туралы есеп	7
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	8
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	9-10
Қаржылық есептілікке ескертпелер	11-38



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік  
050051 Алматы, Достық д-лы 180,  
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

Товарищество с ограниченной  
ответственностью «КПМГ Аудит»  
050051 Алматы, пр. Достык 180,  
E-mail: company@kpmg.kz

## **Тәуелсіз аудиторлардың есебі**

*«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ  
Еншілесіне және Директорлар кеңесіне*

### **Пікір**

Біз 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (әрі қарай, «Компания») қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

### **Пікір білдіруге негіздеме**

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына (АХС) сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне (БАХӘСК кодексі) сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз өзіміздің басқа да әдептілік міндеттемелерімізді БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

### **Қаржылық есептілік үшін Басшылық пен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі**

Басшылық ҚЕХС-ға сәйкес қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.



### **Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- Алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін.
- Жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз.
- Қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз.
- Басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.
- Қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.



**«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ**  
Тәуелсіз аудиторлардың есебі  
3-бет

**Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі,  
жалғасы**

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:

  
Ким Е. В.  
Қазақстан Республикасының  
сертификацияланған аудиторы,  
Аудитордың 2011 жылғы 8 тамыздағы  
біліктілік куәлігінің №ИФ-0000042

**«КПМГ Аудит» ЖШС**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін  
2006 жылы 6 желтоқсанда берген мемлекеттік лицензияның №0000021

  
Хаирова А.А.  
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде әрекет  
ететін Бас директоры

6 наурыз 2017 жыл



**«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ**  
 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал  
 және басқа жиынтық табыс туралы есеп

	<b>Ескерт- пе</b>	<b>2016 жыл мың теңге</b>	<b>2015 жыл мың теңге</b>
Пайыздық кірістер	4	2,690,893	2,473,116
Операциялық шығыстар	5	(1,257,130)	(1,251,678)
Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс	6	2,666	2,716
Басқа да шығыстар		(26,868)	(34,896)
<b>Табыс салығын шегеруге дейінгі кіріс</b>		<b>1,409,561</b>	<b>1,189,258</b>
Табыс салығы бойынша үнемдеу	7	38,627	31,579
<b>Бір жылдық кіріс</b>		<b>1,448,188</b>	<b>1,220,837</b>
<b>Табыс салығы шегерілген басқа да жиынтық кіріс</b>			
<i>Қайта жіктелген немесе пайда немесе залал құрамына жіктелуі мүмкін баптар:</i>			
Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв			
- әділ құнның таза өзгерісі		(9,038)	(47,999)
<i>Жіктелген немесе кіріс немесе шығыс құрамына жіктелуі мүмкін барлық бап:</i>		(9,038)	(47,999)
<b>Табыс салығы шегерілген басқа да жиынтық кіріс</b>		<b>(9,038)</b>	<b>(47,999)</b>
<b>Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс</b>		<b>1,439,150</b>	<b>1,172,838</b>

6-38 беттерде ұсынылған қаржылық есептілікті басшылық 2017 жылы 6 наурызда мақұлдаған және оның атынан қол қойған:

  
 Е. А. Біртанов  
 Басқарма төрағасы



  
 К. Н. Кишибаева  
 Бас бухгалтер

*«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ  
2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есеп*

	Ескерт- пе	2016 жыл мың теңге	2015 жыл мың теңге
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаттары және оның баламалары	8	2,956,525	2,222,086
Сатуға арналған қолданыстағы қаржы активтері	9	653,950	662,989
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	10	38,192,741	38,363,911
Негізгі қаражаттар және материалдық емес активтер		40,424	36,131
Басқа активтер		114,172	70,124
<b>Барлық актив</b>		<b>41,957,812</b>	<b>41,355,241</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Басқа міндеттемелер	11	508,345	311,670
<b>Барлық міндеттеме</b>		<b>508,345</b>	<b>311,670</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акциягерлік капитал	12	40,000,000	40,000,000
Қосымша төленген капитал		53,625	51,959
Сату үшін қолданыстағы қаржы активін қайта бағалау резерві		(52,352)	(43,314)
Бөлінбеген пайда		1,448,194	1,034,926
<b>Барлық капитал</b>		<b>41,449,467</b>	<b>41,043,571</b>
<b>Барлық міндеттеме және капитал</b>		<b>41,957,812</b>	<b>41,355,241</b>

Қаржылық жағдай туралы есеп аталмыш қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелерімен бірге қарастырылуы керек.

*«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ  
2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп*

	<b>2016 жыл мың теңге</b>	<b>2015 жыл мың теңге</b>
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Алынған пайыздық кіріс	2,862,068	883,084
Алынған сенімхатты басқарудың комиссиялық кірісі	2,716	152,690
Басқа да шығыстар бойынша төлемдер	(26,873)	(34,896)
Төленген қызметкерлер шығыстары	(614,805)	(651,385)
Төленген операциялық шығыстар	(438,000)	(484,283)
<b>Операциялық активтерді азайту (ұлғайту)</b>		
«кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	-	120,000
Басқа да активтер	-	3,081
<b>Ақша қаражаттарын таза операциялық қызметте пайдалану</b>	<b>1,785,106</b>	<b>(11,709)</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Өтеуге дейін ұсталатын инвестицияларды сатып алу	-	(36,773,468)
Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(15,747)	(32,229)
<b>Ақша қаражаттарын инвестициялық қызметте таза пайдалану</b>	<b>(15,747)</b>	<b>(36,805,697)</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Дивидендік төлемдер	(1,034,920)	-
<b>Ақша қаражаттарын қаржылық қызметте таза пайдалану</b>	<b>(1,034,920)</b>	<b>-</b>
<b>Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының таза өсуі/(кемуі)</b>	<b>734,439</b>	<b>(36,817,406)</b>
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	2,222,086	39,039,492
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары (8-ескертпе)</b>	<b>2,956,525</b>	<b>2,222,086</b>

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп аталмыш қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелерімен бірге қарастырылуы керек.



мың теңге	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар қаржы активін қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Барлық капитал
2015 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	40,000,000	43,732	4,685	(185,911)	39,862,506
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>					
Бір жылдағы пайда	-	-	-	1,220,837	1,220,837
<b>Басқа да жиынтық кіріс</b>					
<i>Қайта жіктелген немесе пайда не шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>					
Сату үшін қолданыста бар қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгеруі	-	-	(47,999)	-	(47,999)
<i>Қайта жіктелген немесе пайда не шығын құрамына жіктелуі мүмкін барлық баптар:</i>	-	-	(47,999)	-	(47,999)
Барлық жиынтық кіріс	-	-	(47,999)	-	(47,999)
<b>Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс</b>	-	-	<b>(47,999)</b>	<b>1,220,837</b>	<b>1,172,838</b>
<b>Капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелері жасайтын операциялар</b>					
Қайтарымсыз алынған қызметтер және мүлік	-	8,227	-	-	8,227
<b>Барлық меншік иелері жасайтын операциялар</b>	-	<b>8,227</b>	-	-	<b>8,227</b>
<b>2015 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>	<b>40,000,000</b>	<b>51,959</b>	<b>(43,314)</b>	<b>1,034,926</b>	<b>41,043,571</b>

мың теңге	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар қаржы активін қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда)	Барлық капитал
2016 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	40,000,000	51,959	(43,314)	1,034,926	41,043,571
<b>Жалпы жиынтық кіріс</b>					
Бір жылдағы пайда	-	-	-	1,448,188	1,448,188
<b>Басқа да жиынтық кіріс</b>					
<i>Қайта жіктелген немесе пайда не шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>					
Сату үшін қолданыста бар қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгеруі	-	-	(9,038)	-	(9,038)
<i>Қайта жіктелген немесе пайда не шығын құрамына жіктелуі мүмкін барлық баптар:</i>	-	-	(9,038)	-	(9,038)
Барлық жиынтық кіріс	-	-	(9,038)	-	(9,038)
<b>Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс</b>	-	-	<b>(9,038)</b>	<b>1,448,188</b>	<b>1,439,150</b>
<b>Капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелері жасайтын операциялар</b>					
Қайтарымсыз алынған қызметтер және мүлік	-	1,666	-	-	1,666
Дивидендтік төлемдер	-	-	-	(1,034,920)	(1,034,920)
<b>Барлық меншік иелері жасайтын операциялар</b>	-	<b>1,666</b>	-	<b>(1,034,920)</b>	<b>(1,033,254)</b>
<b>2016 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>	<b>40,000,000</b>	<b>53,625</b>	<b>(52,352)</b>	<b>1,448,194</b>	<b>41,449,467</b>

## **1 Жалпы ережелер**

### **(а) Ұйым құрылымы және қызметі**

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасында Акционерлік қоғам ретінде 2012 жылы құрылған, №798-1910-06-АО Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі 2012 жылы 23 маусымда берілген (Өзгерістер мен толықтырулар 31.01.2017).

Компанияның негізгі қызмет түрлері – ҚР Ұлттық қорының активтерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚРҰБ») алтын-валюталық активтерін, зейнеткерлік активтерді және басқа да активтерді ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асыру.

Компания құнды қағаздар нарығындағы қызметін ҚРҰБ 2012 жылы 20 желтоқсанда берген № 4.1.4.110 инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысу мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырған. «Құнды қағаздар нарығы туралы заңға» өзгертулер енгізуіне байланысты Компания 2015 жылы 15 мамырдан бастап мемлекеттік лицензиясыз жұмыс жасайды.

Компания Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Достық д-лы, 136 мекенжайы бойынша тіркелген.

Компанияның жалғыз акционері – ҚРҰБ (бұдан әрі «Негізгі компания»). Қаражаттың көп бөлігі Негізгі компаниядан тартылған. Осының салдары ретінде Компания Негізгі компанияға экономикалық тұрғыдан тәуелді болады. Осыған қосымша, Компанияның қызметі Негізгі компания талаптарымен тығыз байланысты болады. Байланысты тараптардың толық операциялары 17-ескертпеде көрсетілген.

Компания мен ҚРҰБ арасында 2015 жылы 18 маусымда жасалған ҚРҰБ алтын-валюталық активтерінің бөлігін сенімгерлік инвестициялық басқару туралы келісімшарт талаптарына сәйкес, балама инвестициядағы инвестицияны жүзеге асыру мақсатында NICK Master Fund Ltd (бұдан әрі «Қор») құрылған. ҚРҰБ құны 800,000 мың АҚШ долларына тең қатысу акциясына ие болып отыр және жүзеге асырылатын инвестициядан пайда иеленуші болып отыр. Компания Қордың құны 100 АҚШ долларына тең (19 мың теңге) басқару активтерін иеленеді және Қор активтерін басқаруды жүзеге асырады. Акциялар құны келісімшарт жасасу күні теңгеге айырбасталған. Қаржылық жағдай туралы есепте аталмыш инвестициялар басқа активтерде есептеледі.

Компания Қор активтерін басқаратынына қарамастан, ол Қор кірістерінің өзгерісі бойынша тәуекелге ұшырамайды, осыған байланысты инвестициядан түсетін барлық экономикалық пайданы тікелей ҚРҰБ алады. Компания агент ретінде жұмыс жасайды, себебі өкілеттіліктер мен пайда арасындағы өзара байланыс элементі жоқ. *«Шоғырландырылған қаржылық есептілік»* ХҚЕС 10 (IFRS) талаптарына сәйкес Қор Компания үшін шоғырландыру нысаны болмайды.

### **(ә) Қазақстан Республикасындағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары**

Компанияның қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Компанияның қызметіне Қазақстанның дамушы нарық ерекшеліктері тән экономикасы мен қаржы нарықтары ықпал етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер даму үстінде, дегенмен олар әртектілік тәуекелімен байланысты жиі өзгерістерге ұшырайды және Қазақстанда бизнес жүргізіп отырған кәсіпорындар үшін құқықтық және қазыналық кергілермен бірге қосымша мәселелер тудырады. Одан өзге, Қазақстандық теңгенің біршама құнсыздануы және әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуі шаруашылық қызметті жүзеге асырудың белгісіздік деңгейін арттырды.

Ұсынылған қаржылық есептілік басшылықтың Компанияның қаржылық жағдайы мен қызметіне Қазақстанда бизнес жүргізуге ықпал ететін көзқарасын білдіреді. Болашақтағы шаруашылық жүргізу талаптарының нақты әсері басшылық берген бағалаудан ерекшеленеді.

## **2 Қаржылық есептілікті әзірлеудің негізгі принциптері**

### **(а) Қолданылатын стандарттар**

Ұсынылатын қаржылық есептілік Халықаралық Қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі «ХҚЕС») сәйкес әзірленген.

### **(ә) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау принциптері**

Қаржылық есептілік нақты шығындар бойынша есептеу принципіне сәйкес дайындалған, оған әділ құнға сәйкес көрсетілген сату үшін қолда бар қаржы активтері кірмейді.

### **(б) Функционалды валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы**

Компанияның функционалдық валютасы – қазақстандық теңге. Теңге – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы. Ол Компания қызметіне ықпал ететін жағдайлармен байланысты жасалатын операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін көрсетеді.

Қазақстандық теңге аталмыш қаржылық есептілікте мәліметтерді көрсету валютасы да болады. Қаржылық есептіліктегі барлық мәліметтер тұтас мың теңгеге дейін дөңгелектелді.

### **(в) Бағалау мен талқылауды пайдалану**

ХҚЕС талаптарына сәйкес қаржылық есептілікті дайындау басшылықты есепті саясатты қолдануға әсер ететін талқылау жасауды, есепті бағалауға, талқылауға міндеттейді және кірістер мен шығыстар, активтер мен міндеттемелердің қаржылық есептілігінде ұсынылатын шаманы көрсетеді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаудан өзгеше болады.

Бағалау және оның негізіндегі жорамалдар тұрақты негізде қайта қарастырылады. Бағалау барысындағы үйлестіру сәйкес бағалау қарастырылған есепті кезеңде, өзі қатысты болатын кез келген келесі кезеңде танылады.

Әрі қарай көрсетілген Ескертулер есепті саясат ережелерін қолдану барысындағы анықталмаған бағалау мен сын тұрғысынан себепті талқылауға қатысты ақпарат береді:

- Қорды шоғырландыру –1(а) ескерту;
- табыс салығы бойынша үнемдеу – 7 ескерту;
- өтегенге дейін ұсталатын инвестицияны жіктеу – 10 ескерту;
- қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны – 18 ескерту.

## **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері**

Бұдан әрі сипаттама берілген есепті саясат ережелері, 3 (к)-ескертпеде сипатталған есептік саясат өзгерістерінен басқа, аталмыш қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде реттілікпен қолданылған.

### **(а) Шетелдік валюта**

Шетелдік валютадағы операциялар операция жасалған күнде қолданыста болған валюта бағамы бойынша Компанияның функционалдық валютасына айырбасталады. Шетелдік валютамен көрсетілген ақшалай активтер және міндеттемелер есепті күнде қолданыста болған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға айырбасталады. Ақшалай активтер мен міндеттемелермен операциялардың кірісі мен шығысы есепті кезең басындағы функционалдық валюта бойынша өтемпұл бағасының айырмашылығы түрінде болады. Әділ құны бойынша бағаланатын шетелдік валютамен көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер нақты құны анықталған күні қолданыста болған бағам бойынша функционалдық валютаға айырбасталады. Нақты шығын бойынша көрсетілген және шетелдік валютамен өрнектелген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер операцияны жүргізу күнінде қолданыста болған валюта бағамына сәйкес функционалдық валютаға айырбасталады. Шетелдік валютаға айырбастау нәтижесінде туындайтын бағам айырмашылықтары кіріс немесе шығыс құрамында көрсетіледі.

### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(ә) Ақша қаражаттары және олардың баламалары**

Ақша қаражаттары және олардың баламаларына Компанияның ҚРҰБ ағымдағы шоттары қосылады, сонымен қатар, бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан кем емес, әділ құны бойынша біршама тәуекелге ұшырамаған және Компания қысқа мерзімді міндеттемелерін реттеу үшін пайдаланатын қаржы активтері жатқызылады. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары қаржылық жағдай туралы есепте өтемпұл құны бойынша көрсетіледі.

#### **(б) Қаржы құралдары**

##### **(i) Қаржы құралдарын жіктеу**

*Өзгерісі кезеңдегі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін қаржы құралдары келесі қаржы активтері немесе міндеттемелері түрінде болады:*

- негізінен жақын болашақта сату немесе сатып алу үшін пайда болатын немесе туындайтын;
- қысқа мерзімді болашақта пайда алу дәлелі бар болатын бірлесе басқарылатын, сәйкестендірілетін қаржы құралдарының бір бөлігі болып табылатын;
- туынды болып табылатын (тиімді болып табылатын хеджирлеу құралдарын нақты пайдаланатын және құрылған немесе қаржы кепілдігі келісім-шарты болып табылатын туынды құралдардан басқа), немесе
- бастапқы тану сәтінде өзгерістері кезең ішіндегі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылатын.

Компания қаржы активтері мен міндеттемелерін келесі берілген шарттардың бірі орындалған жағдайда кезең ішіндегі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін туралы құны бойынша бағаланатын санатқа жатқыза алады:

- активтер мен міндеттемелерді басқару, оларды бағалау және ішкі есептерде көрсету әділ құны негізінде жүзеге асырылады;
- мұндай тәсіл бухгалтерлік есепте орын алуы мүмкін сәйкессіздік әсерін толықтай немесе біршама жояды; немесе
- актив немесе міндеттеменің болмаған жағдайда келісім-шарт бойынша күтілетін ақша қаражаттары ағымын біршама өзгертетін туынды құралы болады.

Саудаға арналған оң әділ құны бар барлық туынды құралдар, сонымен қатар, сатып алынған опциялық келісім-шарттар қаржылық есептілікте активтер ретінде көрсетіледі. Барлық саудаға арналған және теріс әділ құны бар туынды құралдар, сонымен қатар, шығарылған опциялық келісім-шарттар қаржылық есептілікті міндеттемелер ретінде көрсетіледі.

Басшылық қаржы құралын бастапқы тану сәтінде қандай санатқа жатқызу қажет екенін шешеді. Бастапқы тану сәтінде әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылатын туынды құралдардың өзгерістері кезең ішіндегі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетіледі және әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан шығарылмайды, егер Компанияның алдағы уақытта аталған активтерді ұстап қалуға ниеті мен мүмкіндігі бар болатын болса, оларды өтеу мерзімі орын алғанға дейін ұстап қала алады. Басқа қаржы құралдары өзгерістері кезең ішіндегі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санаттан сирек жағдайда ғана шығарылады. Сирек жағдайда әдеттен тыс жақын арада қайталанбайтын жағдайлар орын алады.

*Кредиттер және дебиторлық берешек* белгіленген және белгілі емес төлемдері бар туынды активтер түрінде болады, олар келесі көрсетілгендерден басқа жағдайда белсенді қызметтегі нарықта баға белгілейді:

- дереу немесе жақын болашақта сатуға ниетті;
- бастапқы тану сәтінде өзгерістері кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатындар санатына жатқызылатын түрде анықтайды;

### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(б) Қаржы құралдары, жалғасы**

##### **(i) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы**

- бастапқы тану сәтінде сату үшін қолданыста бар санатты анықтайды; немесе
- Компания кредиттің құнсыздануынан бөлек себептер бойынша барлық бастапқыда жүзеге асырылған инвестицияларды өтей алмайды.

*Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар* келесі жағдайлардан басқа жағдайда Компания өтеу мерзімі орын алғанға дейін ұстап қалуға ниетті немесе қабілеті өтеу мерзімі белгіленген төлемдермен анықталған туында емес қаржы активтері түрінде болады:

- бастапқы тану сәтінде Компания өзгерістері кезең ішіндегі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санатын анықтайды;
- Компания сату үшін қолданыстағы санатқа жатқызады, немесе
- кредит және дебиторлық берешек анықтамасына сәйкес келеді.

*Сату үшін қолданыстағы қаржы активтері*, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын кредиттер және дебиторлық берешек, инвестиция анықтамасына жатқызылмайтын немесе өзгерісі кезең ішіндегі кірістер немесе шығыстар құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарына жатқызылмайтын сату үшін қолданыстағы санат ретінде анықталатын туынды емес қаржы активтері түрінде болады.

##### **(ii) Қаржылық есептіліктегі қаржы құралдарын тану**

Қаржы активтері мен міндеттемелері қаржылық жағдай туралы есепте Компания нысаны аталған қаржы құралдары болып табылатын келісімдік қатынастарға түскен жағдайда көрсетіледі. Қаржы активтерін стандартты иеленудің барлық жағдайлары есептесуді жүзеге асыру күнінде көрсетіледі.

##### **(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау**

Қаржы активі немесе міндеттемесі бастапқыда тікелей қаржы активі немесе міндеттемесін иеленуге немесе шығаруға жатқызылатын келісім-шарт бойынша шығындар және өзгерістері кезең ішіндегі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активі немесе міндеттемесі жағдайында әділ құны бойынша бағаланатын болады.

Бастапқы танудан кейін қаржы активтері және активтер болып табылатын туынды құралдар келісімдер бойынша қандай да бір шығынды шегерместен әділ құны бойынша бағаланады, олар келесіден басқа жағдайларда қандай да бір жылыстау немесе сату нәтижесінде көрсетіледі:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып, өтемпұл құны бойынша бағаланатын кредиттер немесе дебиторлық берешек;
- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып, өтемпұл құны бойынша бағаланатын өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар;
- белсенді қызмет ететін нарықта нарықтық баға белгілемейтін және әділ құнын біршама сенімділік дәрежесінде анықтау мүмкін болмайтын үлестік құралдардағы инвестициялар.

Әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активін айырбастаудан туындайтын қаржы міндеттемелері мен өзгерісі кезең ішіндегі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелерінен басқа барлық міндеттемелер тануды тоқтату критерилеріне сәйкес келмейді және өтемпұл құны бойынша бағаланады.

### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(б) Қаржы құралдары, жалғасы**

##### **(iv) *Өтемпұл бағасы***

Қаржы активі немесе міндеттемесінің өтемпұл бағасы қаржы активі немесе міндеттемесі бастапқы тану сәтінде өтемпұл айырмашылығының жинақталған шамасына үйлестірілген негізгі берешек сомасы төлемін шегергендегі бастапқы тану сәтінде бағаланған құны түрінде болады. Сыйақылар мен дисконттар шамасы сәйкес құралдың баланстық құнына қосылады және аталған құралдың пайыздық мөлшерлемесіне дейін өтемпұл салынады.

##### **(v) *Әділ құн бойынша бағалау***

Әділ құн нарық қатысушылары арасында әдеттегі келісім-шарт жасасу барысында активті сату барысында алынған немесе міндеттемені табыстау барысында төленген баға түрінде болады немесе ол болмаған жағдайда Компанияның аталған мерзімде қолжетімділігі болады. Міндеттеменің әділ құны оны орындамау тәуекелінен көрінеді.

Компания мүмкіндігіне қарай белсенді нарықтағы ағымдағы құралды баға белгілеуін пайдалана отырып құралдың әділ құнын анықтайды. Нарық актив немесе міндеттеме бойынша операциялар жеткілікті жиілікпен жасалған жағдайда белсенді болып табылады, олар тұрақты негізде баға белгілеуді анықтау үшін жеткілікті болады.

Белсенді нарықтағы ағымдағы баға белгілеу болмаған жағдайда Компания бастапқы бақыланатын мәліметтерді максималды пайдаланатын және бақыланбайтын бастапқы мәліметтерді минималды қолданатын бағалау әдістерін пайдаланады. Таңдалған әдістерге нарық қатысушылары аталмыш жағдайда ескеретін барлық факторлар жатқызылады.

Қаржы құралының әділ құнының ең үздік куәлігі бастапқы тану жағдайында келісім бағасы болады, яғни төленген немесе алынған өтемің әділ құны. Егер Компания бастапқы тану жағдайындағы әділ құн келісім бағасынан артық болатынын анықтайтын болса және әділ құн белсенді нарықта теңдес актив немесе міндеттеме үшін қолданылатын ағымдағы баға белгілеумен расталмайтын болса және байқалған бастапқы деректерді ғана пайдаланатын бағалау әдістемесіне негізделмейтін болса, қаржы құралы бастапқы тану кезіндегі әділ құн мен келісім бағасы арасындағы айырманы кейінге қалдыру үшін түзетілген әділ құнмен бағаланады. Бастапқы танудан кейін айырмашылық бастапқы деректер арқылы бақыланатын бағалау толық расталған немесе операция толық аяқталған кезден кешіктірмей, пайда не шығын құрамында құрал қолданылатын бүкіл мерзім ішінде тиісті түрде көрсетіледі.

Егер әділ құн бойынша бағаланатын актив немесе міндеттеменің сұраныс құны мен ұсыныс құны болатын болса активтер мен ұзақ позициялар сұраныс бағасы негізінде, міндеттемелер мен қысқа позиция ұсыныс бағасы негізінде бағаланады.

##### **(vi) *Кейінгі бағалауда туындайтын пайда мен шығындар***

Қаржылық активтің немесе міндеттеменің әділ құнын өзгерту барысында туындайтын кірістер немесе шығыстар келесі түрде көрсетіледі:

- өзгерісі кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жіктелетін қаржы құралдары бойынша пайда немесе залалдар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі;

- сату үшін қолданыстағы қаржы активтері бойынша кіріс немесе шығыс капитал құрамында активті қайтаруды тоқтату сәтіне дейін басқа да кірістер ретінде көрсетіледі (сату үшін қолданыстағы несиелік қаржы құралдары бойынша қалдықтарды аударудан түскен кірістер немесе шығыстардың құнсыздануынан келген шығындардан басқа), бұл жағдайда бұрын капитал құрамында көрсетілген жинақталған кірістер немесе шығыстар кіріс немесе шығыс құрамына ауыстырылады. Сату үшін қолданыстағы пайыздық қаржы активтері тиісті пайыздық бағалау әдісін пайдаланып кіріс немесе шығыс құрамында туындаған сәтінен бастап көрсетіледі.

### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(б) Қаржы құралдары, жалғасы**

##### **(vi) Кейінгі бағалау барысында туындайтын пайда мен шығындар, жалғасы**

Өтемпұл құны бойынша көрсетілген активтер мен міндеттемелер бойынша кіріс немесе шығыс қаржы активі немесе міндеттеменің құнсыздануы немесе тоқтатылуы жағдайында, сонымен қатар, сәйкес өтемпұлды есептеу үдерісінде кіріс немесе шығыс құрамында көрсетіледі.

##### **(vii) Тануды тоқтату**

Компания қаржы активтерін тануды ол келісім-шартта қарастырылған аталмыш қаржы активі бойынша ақша ағындары құқығын жоғалтқан жағдайда немесе қаржы активтерін келісім-шартты жүзеге асыру нәтижесінде қаржы активтерін бергенде тоқтатады, мұнда келесі тарапқа қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда беріледі. Кейбір жағдайда Компания барлық тәуекел мен пайданың бөлігін табыстамайды және сақтамайды. Берілген қаржы активтеріне кез келген қатысу үлесіне қатысты Компания қалыптастырған тануды тоқтату талаптары сақталады, олар жеке актив немесе міндеттеме ретінде танылады және қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Келісімдік міндеттемелер орындалғанда, жойылғанда немесе тоқтатылғанда компания қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатады

Компания жасасатын келісім-шарттардың талаптары бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген танылған активтерді көрсетеді және бұл жағдайда берілген активтерге меншік құқығынан туындайтын тәуекелдердің барлығына немесе бір бөлігін сақтайды. Барлық және тәжірибе жүзінде барлық тәуекелдер мен пайдаларды сақтаған жағдайда Компания берілген активтерді тануды тоқтатпайды.

Шарттары бойынша Компания қарды активіне меншік құқығынан туындайтын барлық тәуекелдер мен пайданы сақтамайтын және табыстамайтын келісім-шарт жасасқан жағдайда Компания активтерді бақылауды жоғалтқанда аталмыш активті тану тоқтатылады.

Активтерді табыстау барысында Компания оны бақылайды, ол активті оған қатысуын сақтаған дәрежесіне байланысты Компания оған қатысу дәрежесі ретінде анықтап сақтайды.

Компания өтеуге тиімсіз деп танылған активтерді есептен шығарады.

##### **(viii) «РЕПО» және «кері РЕПО» келісімдері**

Кері сатып алу міндеті қарастырылған сауда туралы келісімдер аясында сатылған құнды қағаздар (бұдан әрі «РЕПО» келісімдері), құнды қағаздардың кепілдігімен қамтамасыз етілген қаржыландыруға тарту операциялары ретінде қарастырылады, оған қоса, құнды қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіліп, ал «РЕПО» келісімдері бойынша кредиттік қарыз құрамына кіретін контрагенттер алдындағы міндеттер «РЕПО» келісімдері бойынша кредиторлық қарыз құрамында көрсетілетін болады. Сатып алу құны мен кері сатып алу құны арасындағы айырмашылық өзара пайыздық шығынды сипаттайды және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, «РЕПО» келісімінің қызмет ету мерзіміндегі шығыс пен кіріс құрамында көрсетіледі.

«Кері РЕПО» келісімдері бойынша дебиторлық қарыз құрамына кіретін кері сату міндеттері бар сатып алу туралы келісімдер (бұдан әрі – «кері РЕПО» келісімдері) аясында сатып алынған құнды қағаздар. Сатып алу құны мен кері сатып алу құны арасындағы айырмашылық пайыздық кірісті сипаттайды және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, «кері РЕПО» келісімінің қызмет ету мерзіміндегі шығыс немесе кіріс құрамында көрсетіледі.

Егер, кері сату міндеттері бар сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алынған активтер үшінші тарапқа сатылса, құнды қағаздарды қайтару міндеті саудаға арналған міндет ретінде бейнеленіп, әділ құны бойынша бағаланады.



### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(б) Қаржы құралдары, жалғасы**

##### **(ix) *Активтер мен міндеттерді өзара есепке алу***

Компанияның қаржылық активтері мен міндеттері, заңды негіз болған жағдайда және тараптардың қарызды өзара есепке алу жолымен реттеу немесе активті сатып алу не міндеттерді бір уақытта орындау ниеті болған кезде, өзара есепке алынып, қаржылық жағдай туралы есепте қысқаша түрде көрсетіледі.

#### **(в) Негізгі құралдар**

##### **(i) *Меншік активтер***

Негізгі құралдардың нысандары жиналған өтелімдер мен құнсызданудан келген шығындарды есептен шығарудың нақты шығындары бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер негізгі құралдардың нысаны пайдалы қолданудың әртүрлі мерзіміне ие бірнеше құрамдас бөліктен тұрса, мұндай құрамдар бөліктер негізгі құралдардың жеке нысандары ретінде көрсетіледі.

##### **(ii) *Операциялық жалдау***

Компания оған лизинг берушіден берілетін меншік құқығына қатысты барлық қауіптер мен пайдалардың өтуін қарастырмайтын жалдау кезінде, лизингті алушы болып табылса, лизингтік төлемдердің жалпы сомасы барлық жалдау кезеңіндегі тең аударымдар әдісі бойынша жыл бойғы кіріс немесе шығысқа (жалдау шығыны) қатысты болады.

##### **(iii) *Тозу***

Негізгі құралдар бойынша тозу оларды пайдалы қолданудың болжалды мерзімі ішінде тең аударым әдісі бойынша аударылады және кіріс немесе шығыс құрамында көрсетіледі. Тозу нысанды сатып алған күннен бастап, ал шаруашылық әдісімен туындаған негізгі құралдардың нысандары үшін – нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептеледі. Жер учаскелері бойынша тозу есептелмейді. Негізгі құралдардың әртүрлі нысандарын пайдалы қолдану мерзімдері келесі жолмен көрсетілуі мүмкін.

- |                               |                          |
|-------------------------------|--------------------------|
| - жабдық                      | 5 жылдан 12 жылға дейін; |
| - кеңсе жиһазы мен жабдықтары | 5 жылдан 25 жылға дейін; |
| - көлік құралдары             | 5 жылдан 7 жылға дейін;  |
| - бағдарламалық жабдықтама    | 3 жылдан 5 жылға дейін.  |

#### **(г) Материалдық емес активтер**

Сатып алынған материалдық емес активтер жиналған өтелімдер мен құнсызданудан келген шығындарды есептен шығарудың нақты шығындары бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Арнайы бағдарламалық жабдықтаманың лицензияларын сатып алуға және оны енгізуге кеткен шығындар сәйкес материалдық емес активтердің құнына айналады.

Материалдық емес активтер бойынша өтелімдер оларды пайдалы қолданудың болжалды мерзімі бойынша тең аударым әдісімен аударылады және кірістер мен шығындар құрамында көрсетіледі. Материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімдері 1 жылдан 10 жылға дейін құбылады.

### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(ғ) Активтердің құнсыздануы**

Компания әр есептік кезеңнің соңында қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануына объективті куәліктердің болуына бағалау жүргізеді. Ондай куәліктер болған жағдайда, Компания құнсызданудан келген кез келген шығынның мөлшерін бағалайды.

Қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы құнсызданады, және құнсызданудан келген шығындар тек қаржылық активтерді алғашқы рет мойындағаннан кейін (шығынның орын алған жағдайы) орын алған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде, құнсызданудың объективті дәлелдері болған жағдайда, және аталған оқиға (немесе оқиғалар) қаржылық актив бойынша немесе қаржылық активтер тобы бойынша, сенімділіктің жеткілікті дәрежесі бойынша бағалауға болатын, ақша қаражаттарының болжалды болашақ ағынына ықпал еткен жағдайында туындайды.

Қаржылық активтердің құнсыздануына объективті куәліктер, қарыз алушымен орын алған міндеттердің орындалмауы (дефолт) немесе төлемдердің кешігуі, қарыз алушының келісім-шарт немесе келісім-шарт шарттары бойынша міндеттерді бұзуы, Компания басқа жағдайларда қарастырмайтын шарттарда, қаржылық активтер немесе қаржылық активтер тобының қайта құрылуы, қарыз алушының банкротқа немесе эмитентке ұшырау мүмкіндігінің белгілері, құнды қағаздарға арналған активті нарықтың жоғалуы, жабдықтау немесе активтер тобына қатысты, топқа кіретін қарыз алушының төлем жасай алу қабілетінің төмендеуі, немесе аталған топқа кіретін қарыз алушының міндеттерін орындамауымен (дефолт) сипатталатын, экономикалық шарттардың өзгеруі сынды басқа да бақыланып отырған мәліметтерден тұруы мүмкін.

Сатуға арналған қолдағы үлестік құнды қағаздағы инвестициялардың әділ құнының аталған құнды қағаз бойынша нақты шығындардан төмен бағаға дейін ағымдық немесе ұзақ уақыт бойы құлдырауы құнсызданудың объективті куәлігі болып табылады.

#### **(и) Өтелген құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер**

Өтелген құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер, ең алдымен, банктердегі шоттар мен депозиттерден және басқа да дебиторлық қарыздардан (бұдан әрі «дебиторлық қарыз») тұрады. Компания орын алуы мүмкін құнсыздануды анықтау үшін, дебиторлық қарыздың бағалауын жиі жүргізіп отырады.

Ең алдымен Компания жеке қолданыстағы дебиторлық қарыздар бойынша жеке, және жеке қолданыста болмайтын дебиторлық қарыздар бойынша жеке әрі ұжымдық түрде құнсызданудың объективті дәлелдерінің болуын бағалайды. Егер Компания қолданыста болғанына қарамастан, жеке бағаланатын дебиторлық қарыздар бойынша құнсызданудың объективті дәлелдерінің жоқтығын анықтаса, дебиторлық қарыз кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамаларымен бірге дебиторлық қарыз тобына қосылады және ұжымдық негізде активтер тобының құрамындағы құнсыздану бойынша бағаланады. Құнсызданудан келетін шығын туындайтын және әрі қарай жалғасын табатын, құнсыздану заты бойынша жеке бағаланатын дебиторлық қарыз, құнсыздану заты бойынша ұжымдық бағалауға енгізілмейді.

Дебиторлық қарыз бойынша құнсызданудан келген шығындар туралы объективті дәлелдемелер болған жағдайда, шығын сомасы дебиторлық қарыздың теңгерімдік құны мен дебиторлық қарыз бойынша алғашқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы есептелетін, кепілдіктер мен қамсыздандырулардың қайтарылатын құнын қоса алғанда, ақша қаражаттарының болжалды болашақ ағынының ағымдық сәтте келтірілген құнының арасындағы айырмашылық ретінде өлшенеді. Ақша қаражаттарының ағыны жасалған келісім-шарттарының шарттары және ағымдық экономикалық шарттарды бейнелейтін, қолдағы сәйкес ақпарат негізінде түзетілген, шығындарды алудың тарихи тәжірибесіне сәйкес, ақша қаражаттарының болжалды ағындарын анықтау үшін негіз ретінде қызмет етеді.

### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(ғ) Активтердің құнсыздануы, жалғасы**

##### **(i) Өтелген құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер, жалғасы**

Дебиторлық қарыз бойынша құнсыздану шығынының сомасын анықтау үшін қажетті ақпарат қолда болған жағдайларда, ол ағымдық шарттар мен жағдайларға аса сәйкес келмеуі немесе шектелуі мүмкін. Мұндай жағдай контрагент қаржылық қиындыққа ұшырап, ұқсас контрагенттерге қатысты қолжетімді ақпарат көлемі шектеулі болатын кездерде орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Компания құнсызданудан келген шығын сомасын анықтау үшін өз тәжірибесі мен пікірін пайдаланады.

Кредиттер мен дебиторлық қарыздардың құнсыздануынан келген барлық шығындар кірістер немесе шығындар құрамында көрсетіледі және тек қайтарылатын құнның келесі жоғарылауы құнсызданудан келген шығындарды растағаннан кейін орын алған оқиғалармен байланысты болған жағдайда ғана қалпына келтірілуге жатады.

##### **(ii) Сатуға арналған, қолданыстағы қаржылық активтер**

Сатуға арналған, қолданыстағы қаржылық активтер, басқа жиынтық кіріс құрамында расталған, жиналған шығындарды қайта жіктеуді түзету ретінде кірістер немесе шығындар құрамына аудару арқылы, расталады. Басқа жиынтық кіріс құрамынан кірістер немесе шығындар құрамына қайта жіктелген, жинақталған шығын, негізгі сомасы өтелімнің кез келген төлемін есептен шығару арқылы сатып алу құны мен бұрын кірістер немесе шығындар құрамында расталған, құнсызданудан келген шығынды есептен шығара отырып, ағымдық әділ құнның арасындағы айырманы сипаттайды. Ақшаның уақытша құнына қатысты құнсыздану резервін өзгерту, пайыздық кірістің құрамдас бөлігі ретінде көрсетіледі.

Егер, келесі кезеңдерде сатуға арналған, қолданыстағы құнсызданған қарыздық құнды қағаздың әділ құны жоғарыласа, және оның жоғарылауы кірістер немесе шығындар құрамындағы құнсыздану шығынын растағаннан кейін орын алған оқиғамен байланысты болса, құнсыздану шығыны қайта қалпына келеді, және қайта қалпына келген көлем кірістер немесе шығындар құрамында расталады. Алайда кез келген келесі сатуға арналған, қолданыстағы құнсызданған қарыздық құнды қағаздың әділ құнының қалпына келуі, басқа жиынтық кірістің құрамында расталады.

##### **(iii) Қаржылық емес активтер**

Кейінге қалдырылған салықтардан бөлек, қаржылық емес активтер, құнсыздану белгілері болған кездегі әр есептік күннің жағдайы бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің қайтарылатын құны болып, сату бойынша шығындар мен оларды пайдалану құнын есептен шығару арқылы есептелетін, әділ құнының ең жоғары көлемі табылады. Пайдалану құнын анықтау кезінде, ақша қаражаттарының болжалды болашақ ағындары, аталмыш активке тиесілі ақшалар мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдық нарықтық бағалауды көрсететін, салық салғанға дейін есептеледі. Ақша қаражаттарының ағынына айтарлықтай дәрежеде тәуелсіз, ақша қаражаттарының ағынын басқармайтын активтер үшін, қайтарылатын құн актив тиесілі ақша қаражаттарын басқаратын активтер тобы бойынша анықталады. Құнсыздану шығыны, ақша қаражаттарын басқаратын, активтің немесе активтер тобының теңгерімдік құны, оны қайтару құнынан асып кеткен жағдайда расталады.

Қаржылық емес активтерің құнсыздануынан келген шығындар кірістер немесе шығындар құрамында көрсетіледі және егер қайтарылатын құнды анықтау кезінде пайдаланған бағалауда өзгерістер болса, қайта қалпына келтірілуге жатады. Активтің құнсыздануынан пайда болған кез келген шығын, құнсыздану шығыны қаржылық есептілікте көрсетілмеген жағдайда, активтік теңгерімдік құны, осындай теңгерімдік құнынан (өтелімді есептен шығарғанда) аспайтын көлемде қайта қалпына келтірілуге жатады.

### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(д) Акционерлік капитал**

##### **(i) Қарапайым акциялар**

Қарапайым акциялар капитал ретінде жіктеледі. Қарапайым акцияларды және акцияларға арналған опциондарды шығаруға тікелей байланысты шығындар, кез келген салықтық нәтижелерді есептен шығару арқылы капиталды азайту деп көрсетіледі.

##### **(ii) Дивидендтер**

Компанияның дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының реттемесіне жіберіледі.

Қарапайым акциялар бойынша дивидендтер қаржылық есептілікте оларды жариялау шарасы бойынша бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде көрсетіледі.

#### **(е) Салық салу**

Табыс салығының сомасы ағымдағы салық сомасы мен кейінге қалдырылған алық сомасынан тұрады. Табыс салығы, басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін операцияларға қатысты, немесе сәйкесінше, басқа жиынтық кіріс немесе тікелей капитал құрамында көрсетілетін, тікелей капитал шоттарында бейнеленген, меншік иелермен жүргізілетін операцияларға қатысты, сомаларды есепке алмағанда, толық көлемде, кірістер немесе шығындар құрамында көрсетіледі.

Ағымдық табыс салығы есептік күндегі жағдай бойынша қолданыстағы табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді, сонымен қатар, алдыңғы есептілік жылдарындағы табыс салығының сомасын растау нәтижесінде туындаған міндеттер сомасын есепке ала отырып, бір жылдағы салық салынған кірістің болжалды мөлшерінен есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері олардың қаржылық есептіліктерге көрсетілу мақсаты мен олардың салықтық базасы үшін анықталатын, активтер мен міндеттердің теңгерімдік құны арасында туындаған уақытша айырмаларға қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері келесі уақытша айырмаларға қатысты расталмайды: бірінші рет көрсету дерегі бухгалтерлік немесе салық салынатын кіріске әсер етпейтін, активтер мен міндеттемелерге қатысты айырмашылықтар.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің көлемі, болашақта есептік күндегі жағдай бойынша қолданыстағы немесе өз күшіне енген заңдарға негізделі отырып, уақытта айырмаларды қайта қалпына келтіру сәтінде қолданылатын салықтық мөлшерлемелермен анықталады.

Кейінге қалдырылған салық активтері, болашақта, уақытша айырмаларды, салық бойынша қабылданбаған шығындар мен пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін жабу үшін жеткіліксіз, салық салынатын табыстан алыну ықтималдығының шамасында көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық бойынша талаптардың мөлшері салық талаптарын жүзеге асырудан сәйкес пайда көру мүмкіндігі жоқ деңгейде төмендетіледі.

#### **(ж) Қаржылық есептіліктің кірістері мен шығындарын растау**

Пайыздық кірістер мен шығындар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалан отырып, кірістер немесе шығындар құрамында көрсетіледі.

Қызметтерді көрсету келісім-шарты бойынша кірістер, сонымен қатар, басқа да кірістер мен шығындар есептілік күніндегі жағдай бойынша келісім-шарттағы жұмыс аяқталған кезеңге пропорционалды кезеңге арналған кірістер немесе шығындар құрамында көрсетіледі.

### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(ж) Қаржылық есептіліктің кірістері мен шығындарын растау, жалғасы**

Операциялық жалдау келісім-шарты бойынша төлемдер жалдаудың жарамдылық мерзімінің барысында бәріне тең кезеңдегі кірістер немесе шығындар құрамында расталады. Алынған жеңілдіктер сомасы жалдаудың барлық жарамдылық кезеңіндегі шығындардың жалпы көлемін азайтады.

#### **(з) Есептік саясат пен деректерді ұсыну өзгерістері**

Компания 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап стандарттарға мынадай толықтырулар қабылдады:

*Ақпаратты көрсету бастамасы (ХҚЕС (IAS) 1-ге түзетулер).* Бұл түзетулер маңыздылық принципін нақтылайды. Атап айтқанда, компаниялар қолданушыларға тиімді ақпарат беру мақсатында қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есептегі қатарларды бөле алады; егер ХҚЕС (IAS) 1-тармағында белгіленген баптар елеусіз болса қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есептегі қатарларды біріктіре алады.

Осы өзгерістер мен толықтыруларға байланысты қаржылық жағдай туралы есепте келесі өзгерістер енгізілді:

<b>мың теңге</b>	<b>Бұрын көрсетілген</b>	<b>Қайта жіктеу әсері</b>	<b>Қайта жіктелген</b>
<b>2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есеп</b>			
ҚРҰБ комиссиялары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	2,716	(2,716)	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	61,369	(61,369)	-
Басқа да активтер	6,039	64,085	70,124

#### **(и) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсініктемелер**

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттар мен түсіндірмелерге жасалған түзетулер 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша әлі өз күшіне енбеді және аталмыш қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде қолданылмады. Көрсетілген жаңа түзетулердің ішінде, төмендегі стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер, Компания қызметінің қаржылық жағдайы мен нәтижелеріне әлеуетті әсер етуі мүмкін. Компания аталған стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, олар күшіне енген сәттен бастап қолдануды жоспарлап отыр.

##### **ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»**

2014 жылы шілде айында жарияланған ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: танылу мен бағалау» стандартын ауыстыруы тиіс, және оның құрамына қаржы құралдарын, қаржылық активтердің құнсыздануы мен хеджирлеуді жіктеу және бағалау бойынша талаптар кіреді.

#### **(i) Жіктеу және өлшеу**

ХҚЕС (IFRS) 9 қаржы активтерінің үш негізгі бағалау санатын қамтиды: амортизацияланған құны бойынша бағалау, әділ құнын басқа да жиынтық табыс құрамында көрсету арқылы бағалау (FVOCI), әділ құнын кіріс немесе залал құрамында көрсету арқылы бағалау (FVTPL). Қаржы құралдарын ХҚЕС (IFRS) 9 аясында жіктеу әдетте қаржы активтерінің басқарылу және шарттық ақша ағыны ерекшеліктеріне сәйкес алу бизнес үлгісіне негізделеді. Стандарт ХҚЕС (IAS) 39 стандартының өтеуге дейін ұсталатын активтер, несиелер мен дебиторлық берешек және сатуға арналған активтерге қатысты категорияларын жояды. ХҚЕС (IFRS) 9 аясында негізгі келісімшартқа байланыстырылған және осы стандарттың қолдану шеңберіне жататын туынды қаржы құралдары негізгі келісімшарттан ажыратылмайды. Керісінше, осы гибриді келісім-шарт толығымен жіктеу мақсатында қарастырылады. Үлестік құнды қағаздар әділ құны бойынша бағаланады.

### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(и) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсініктемелер, жалғасы**

##### **ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары», жалғасы**

#### **(i) Жіктеу және өлшеу, жалғасы**

ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық міндеттемелерге байланысты жіктеулерге қойылған ХҚЕС (IAS) 39 стандартының талаптарын негізінен сақтап қалды. Алайда, егер ХҚЕС (IAS) 39 аясында Компания өз қарауы бойынша әділ құны бойынша бағаланатын өзгерістері кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін деп танылған қаржы міндеттемелерінің әділ құнының өзгерісі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілсе, ХҚЕС (IFRS) 9 бойынша осы қаржы міндеттемелерінің әділ құнының өзгерісі келесі жолмен көрсетіледі:

- сол міндеттеменің несиелік тәуекелінің өзгерістеріне жататын әділ құнының өзгеру шамасы басқа да жиынтық табыс құрамында көрсетіледі; және
- әділ құн өзгерісінің қалған сомасы кіріс немесе шығыс құрамында ұсынылады.

#### **(ii) Құнсыздану**

ХҚЕС (IFRS) 9 «күтілетін кредиттік шығын» моделіне ХҚЕС (IAS) 39 «келтірілген шығын» моделін ауыстырады. Құнсызданудың жаңа моделі жалпы алғанда болжамды несиелік құнсыздануды қаржылық активтер бойынша жаңа құрылған немесе сатып алынған жағдай болса да кіріс немесе шығыс құрамында көрсетуді талап етеді. ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, құнсыздану көлемі есептік кезеңнен кейінгі 12 ай ішінде (12 айлық БНҚ) ықтимал қаржы құралының дефолтқа ұшыраған жағдайында туындайтын болжамды құнсыздану көлемімен өлшенеді, немесе қаржы құралының толық айналым мерзімі ішінде (толық мерзімді БНҚ) барлық ықтимал дефолттық оқиғалар нәтижесіндегі болжамдық несиелік құнсыздану болып табылады. Бастапқыда қаржы құралы бойынша танылған болжамды несиелік құнсыздану көлемі 12 айлық БНҚ-ға тең (кейбір сауда-дебиторлық берешек, жалға беру бойынша дебиторлық берешек, шартты активтер мен сатып алынған немесе жаңадан құрылған несиелік құнсызданған қаржылық активтерден (РОСІ активтері) басқа). Қаржы құралының несиелік тәуекелі бастапқы мойындалған кезден бастап айтарлықтай өскен жағдайда шығыс ретіндегі болжамды резервтер толық мерзімдік БНҚ бойынша бағаланады.

12 айлық БНҚ ретінде бағаланатын қаржы құралдары 1-кезеңге жатқызылады; бастапқы мойындалғаннан кейін несиелік тәуекелі айтарлықтай ұлғайған, алайда әлі дефолтқа ұшырамаған қаржы құралдары 2- кезеңге жатады; дефолтқа немесе несиелік құнсыздануға ұшыраған қаржы активтері 3- кезеңге жатады.

Болжамды несиелік құнсыздану өлшемі объективті және ықтималдылық дәрежесі бойынша өлшенген болуы қажет, ақшаның уақытша құндылығын көрсетуі тиіс және өткен оқиғалар, ағымдағы шарттар мен келешектегі болжамды экономикалық шарттарды шамадан тыс шығындар мен күш салусыз қол жетімді, ақылға қонымды, дәлелденетін ақпаратты қолдануы тиіс. ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, несиелік құнсыздану шығындары ХҚЕС (IAS) 39 стандартына қарағанда ертерек танылады, нәтижесінде пайда немесе залал құбылмалдылығына әсер етеді. Ол сондай-ақ құнсыздану резервінің өсуіне бейім болады, өйткені барлық қаржы активтері кем дегенде 12 айлық БНҚ-мен бағаланады, және толық мерзімді БНҚ қолданылатын қаржы активтерінің өсуі ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес анықталған құнсызданудың объективті белгілерінің өсуінен үлкенірек болуы мүмкін.

Болжамды несиелік шығындарды есептеу (кем дегенде, кейбір портфельдерінің үшін) экспозиция түріне, ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес жіктелетін экспозиция сатысына, ұжымдық немесе жеке бағалау, т.б. байланысты көзқарас негізінде жүзеге асырылуы ықтимал.

### **3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы**

#### **(ii) Әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар мен түсініктемелер, жалғасы**

##### **ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары», жалғасы**

#### **(iii) Хеджирлеуді есепке алу**

Жалпы хеджирлеуді есепке алу талаптары хеджирлеуді есепке алуды жеңілдетуді, оны тәуекелдерді басқару стратегиясына неғұрлым сәйкес болуды мақсат етеді. Стандарт тек қана жеке жоба ретінде қарастырылатын макро хеджирлеуді есепке алуға арналмаған. ХҚЕС (IFRS) 9 аясында ХҚЕС (IAS) 39 хеджирлеуді есепке алу талаптарын қолдануды жалғастыру үшін есептік саясатын таңдауды қамтиды.

#### **(iv) ХҚЕС (IFRS) 9-ға өту**

Жіктеу және бағалау және құнсыздану талаптары әдетте салыстырмалы кезеңдерді қайта есептеу үшін ешқандай талапсыз, бастапқы қолдану күніндегі пайданы және қорларды сақтап реттеу арқылы ретроспективті қолданылады (кейбір ерекшеліктерден басқа).

ХҚЕС (IFRS) 9 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жыл бойынша есептік кезеңнен бастап қолданылады. Стандарттың мерзімінен бұрын қолдану рұқсат етіледі. Компания стандартты мерзімінен бұрын қабылдауға ниетті емес.

Компания ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану нәтижесінде туындайтын қаржылық есептілікке әсерін ресми бағалауды бастаған жоқ, сонымен қатар ХҚЕС (IFRS) 9 жүзеге асыру үшін дайындық бағытында қандай да бір нақты іс-әрекеттерді де бастаған жоқ. Тиісінше, ол ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізеді деп іс жүзінде жоқ бағаланған жоқ.

##### **ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалгерлік»**

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалгерлік» стандарты ағымдағы жалгерлік есепке алу нұсқауларын ауыстырады, соның ішінде ХҚЕС (IAS) 17 «Жалгерлік», IFRIC 4 «Келісім-шарттар құрамында жалгерлік белгілері бар келісімдерді анықтау», SIC-15 «Операциялық жалгерлік - стимулдары», SIC-27 «заңды жалгерлік формасы бар мәмілелердің мәнін анықтау». Ол ағымдағы жалгерлік бойынша теңгерімдегі қаржылық жалгерлік және теңгерімнен тыс операциялық жалгерлік шарттарына жіктейтін қос есепке алу моделінің күшін жояды. Оның орнына қазіргі қаржылық жалгерлікті теңгерімде есепке алу моделі қолданылады.

Жалға беру бойынша есепке алу қазіргі тәжірибеге сай жүргізілетін болады – жалға берушілер қаржылық және операциялық жалгерлікке жіктеуді жалғастырады. ХҚЕС (IFRS) 16 стандарты 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейінгі есептік кезеңнен бастап қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдану егер ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен шарттардың түсетін кірістер» стандарты енгізілгеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Қоғам стандартты мерзімінен бұрын қабылдауға ниетті емес. Компания ХҚЕС 16 қолданудан туындайтын оның қаржылық есептілік туралы әлеуетті әсерін бағалауда.

#### **Басқа да түзетулер**

Келесі жаңа қайта қаралған стандарттар Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді.

- *Ақпаратты ашып көрсету жөніндегі бастама (Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ХҚЕС (IAS 7) мәлімдемесіне түзетулер).*
- *Іске асырылмаған шығындар үшін кейінге қалдырылған салық активтерін тану (Пайдаға салынатын салықтар ХҚЕС (IAS 12) мәлімдемесіне түзетулер).*

#### 4 Пайыздық кіріс

	<b>2016 жыл мың теңге</b>	<b>2015 жыл мың теңге</b>
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар	2,340,056	1,875,049
Ақша құралдары және олардың баламалары: «Кері РЕПО» келісімі бойынша дебиторлық қарыз	263,331	558,474
Мерзімді салымдар бойынша сыйақылар	48,006	-
Сату үшін бар болатын қаржы активтері	39,500	39,593
	<b>2,690,893</b>	<b>2,473,116</b>

#### 5 Операциялық шығыстар

	<b>2016 жыл мың теңге</b>	<b>2015 жыл мың теңге</b>
Қызметкердің еңбегін және сәйкес салықтарды төлеу	811,444	799,485
Ақпараттық және телекоммуникациялық қызметтер	184,239	54,960
Иссапар шығыстары	71,847	112,575
Кәсіби қызметтер	62,633	205,807
Қызметкерді оқыту	43,889	21,862
Табыс салығынан басқа салықтар	24,383	20,222
Жөндеу және қолдау	16,508	134
Тозу және амортизация	11,454	5,860
Көлік шығыстары	7,119	6,080
Сақтандыру	6,524	5,285
Кеңсе және кеңсе тауарлары	5,232	5,188
Өкілдік шығыстар	3,701	3,115
Операциялық аренда бойынша шығыстар	2,938	6,913
Коммуналдық қызметтер	1,536	656
Қорғау	1,393	2,510
Басқа	2,290	1,026
	<b>1,257,130</b>	<b>1,251,678</b>

#### 6 Қызмет көрсетудің комиссиялық кірісі

Қызмет көрсетудің кірісінің барлық сомасы 2013 жылы ҚРҰБ келісім жасасқан алтын-валюталық активтерінің бөлігін сенімді басқару туралы келісім-шартына сәйкес алынған басқару комиссиясына кіреді. 2016 жылы жыл сайынғы комиссия есептік жылдың соңында қолданысқа енетін ҚРҰБ ресми курсы бойынша теңгеге ауыстырылған 8,000 АҚШ доллары тиянақталған мөлшерлемесі ретінде есептелді (2015 жылы: жыл сайынғы комиссия есептік жылдың соңында қолданысқа енетін ҚРҰБ ресми курсы бойынша теңгеге ауыстырылған 8,000 АҚШ доллары тиянақталған мөлшерлемесі ретінде есептелді).

#### 7 Табыс салығы бойынша үнемдеу

	<b>2016 жыл мың теңге</b>	<b>2015 жыл мың теңге</b>
Уақытша айырмашылықтар туындауы және қалпына келтірілуі салдарынан кейінге қалдырылған салықтық активтердің шамасының өзгеруі	38,627	31,579
<b>Табыс салығы бойынша барлық үнемдеулер</b>	<b>38,627</b>	<b>31,579</b>

2016 жылы ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мөлшерлеме 20% (2015 жылы: 20%) құрайды.



## 7 Табыс салығы бойынша үнемдеу, жалғасы

31 желтоқсанда аяқталған жылдың табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлемені есептеу:

	2016 жыл мың теңге	%	2015 жыл мың теңге	%
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>	<b>1,409,561</b>		<b>1,189,258</b>	
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	(281,912)	(20.0)	(237,852)	(20.0)
Мемлекеттік құнды қағаздардан салық салынбайтын кірістер	327,991	23.3	273,528	23.0
Шегерілмейтін шығыстар	(7,452)	(0.5)	(4,097)	(0.3)
	<b>38,627</b>	<b>2.8</b>	<b>31,579</b>	<b>2.7</b>

**Кейінге қалдырылған салықтық актив және кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме**

Қаржы есебінде бейнеленген активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны және салық салынатын базаны есептеу мақсатында қолданылатын сомалар арасында туындайтын уақытша айырмашылықтар 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте басқа активтер құрамына кіретін кейінге қалдырылған салықтық активтердің туындауына алып келеді. Болашақ салықтық жеңілдіктер егер алдағы кезеңдерде көрсетілген жеңілдіктерді Компанияның қолдану қабілетіне жағымсыз ықпал ететін өзгерістер Қазақстан заңнамасында болған жағдайда ғана алынуы мүмкін.

2016 және 2015 жылдар ішіндегі уақытша айырмашылық шамаларының өзгерісі келесі түрде болуы мүмкін.

	2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдық		Түсім немесе шығын құрамында көрсетілген	Капитал құрамында көрсетілген	2016 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(1,848)		(214)	-	(2,062)
Басқа да міндеттемелер	62,275		39,366	-	101,641
Болашақ кезеңге ауыстырылатын салықтық шығындар	942		(525)	(417)	-
	<b>61,369</b>		<b>38,627</b>	<b>(417)</b>	<b>99,580</b>

	2015 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қалдық		Түсім немесе шығын құрамында көрсетілген	Капитал құрамында көрсетілген	2015 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	71		(1,919)	-	(1,848)
Басқа да міндеттемелер	31,505		30,770	-	62,275
Болашақ кезеңге ауыстырылатын салықтық шығындар	271		2,728	(2,057)	942
	<b>31,847</b>		<b>31,579</b>	<b>(2,057)</b>	<b>61,369</b>

## 7 Табыс салығы бойынша үнемдеу, жалғасы

### Капитал құрамында тікелей бейнеленген табыс салығы

мың теңге	2016 жыл	2015 жыл
Компания акционерінен тегін алынған қызметтер мен негізгі құралдар	417	2,057

## 8 Ақша құралдары және олардың баламалары

мың теңге	2016 жыл	2015 жыл
ҚРҰБ «Ностро» түріндегі шоты	155,667	35,511
Қазақстандық қор биржасында жасасқан «кері РЕПО» келісімі бойынша дебиторлық қарыз	2,800,858	2,186,575
<b>Ақша құралдары және олардың баламалары</b>	<b>2,956,525</b>	<b>2,222,086</b>

2016 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «кері РЕПО» келісімі бойынша дебиторлық қарыз 800,000 мың теңге әділ құнмен Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілді.

Қаржы есебін беру мерзімінде «кері РЕПО» келісімі бойынша дебиторлық қарыз толығымен өтелді.

Ақша құралдары мен олардың баламалары құнсызданған да, мерзімі өткен де болып табылмайды.

## 9 Сату үшін бар болатын қаржы активтері

Сату үшін бар болатын активтердің барлық сомасын Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар «BBB+» деңгейінде кредиттік рейтингі бар теңгемен ұсынған.

Сату үшін бар болатын ешқандай да қаржы активтері құнсызданған немесе мерзімі өткен болып табылмайды.

## 10 Өтегенге дейін ұсталатын инвестициялар

Өтегенге дейін ұсталатын инвестициялардың барлық сомасы Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар «BBB+» деңгейінде кредиттік рейтингі бар теңгемен ұсынылады.

Инвестициялық саясатқа сәйкес Компанияда оларды өтеу мерзіміне дейін аталмыш құнды қағаздарды ұстау ниеті мен мүмкіндігі бар. Ұқсас шарттары бар борышқорлық құнды қағаздарға ұқсайтын бағалардың ресми жарияланған баға белгіленімі жергілікті қор биржасында қолжетімді.

Өтелгенге дейін ұсталатын ешқандай инвестициялар құнсыз немесе мерзімі өткен болып табылмайды.

## 11 Басқа да міндеттемелер

	2016 жыл мың теңге	2015 жыл мың теңге
Жеткізушілерге берешек	6,630	6,347
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	-	195
<b>Басқа қаржылық міндеттемелердің барлығы</b>	<b>6,630</b>	<b>6,542</b>
Бонустар мен босатулар бойынша қорлар	501,715	305,076
Бюджетке салынатын салықтар мен төлемдер	-	52
<b>Басқа қаржылық емес міндеттемелердің барлығы</b>	<b>501,715</b>	<b>305,128</b>
<b>Барлық басқа міндеттемелер</b>	<b>508,345</b>	<b>311,670</b>

## 12 Акционерлік капитал және қорлар

### (а) Шығарылған акционерлік капитал

2016 және 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша тіркелген, шығарылған және қарауда тұрған акционерлік капитал 4,000,000 кәдімгі акциядан құралады. Әрбір акцияның атаулы құны – 10,000 теңге.

Кәдімгі акциялардың иелері оларды жариялауына қарай дивиденд алуға құқы бар, сондай-ақ Компанияның жылдық және жалпы жиналыстарында акцияға бір дауыс құқығына ие.

### (ә) Қосымша төленген капитал

Қосымша төленген капитал негізгі құралдарды, табыс салығын шегерумен Компания акционерінен ақысыз негізде алынған офистік ғимараттарды ұсыну бойынша қызметтер және басқа да қызметтерді көрсетеді.

### (б) Дивидендтер

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Компания қорларын үлестіру үшін қолжетімді шамалар ҚЕХС сәйкес дайындалған Компанияның қаржы (бухгалтерлік) есебінде көрсетілген үлестірілмеген пайда шамасымен шектеледі. Егер Компанияның жеке капиталының мөлшері үлестіру нәтижесінде теріс немесе Компанияның төлеу қабілетсіздігі мен қауқарсыздығына апарып соқса, үлестіру жүзеге асырылмайды. 2016 жылы Компания сомасы 1,034,920 мың теңге, қарапайым акцияға шаққанда 258.73 теңге болатын дивидендтерін жариялады және төледі. 2015 жылы Компания дивидендтерін жарияламады.

### (в) Сату үшін қолданыстағы қаржы активтерін қайта бағалау бойынша қоры

Сатуға болатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша қорға активтерді мойындауды тоқтату немесе олардың құнсыздануы сәтіне дейін әділ құнның жиналған таза өзгерісі кіреді.

## 13 Тәуекелді басқару

### (а) Тәуекелді басқару саясаты мен үдерісі

Тәуекелді басқару Компания қызметінің негізіне жатады және Компанияның операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі өз қызметін жүзеге асыру үдерісінде Компания тап болатын негізгі тәуекел болып табылады.

Тәуекелді басқару бойынша Компания саясаты тәуекел лимиті мен сәйкес бақылауды, сонымен қатар тәуекел деңгейін тұрақты бағалау мен олардың белгіленген лимитке сәйкестігін орнатуға бейімделген Компанияның тәуекелін талдау мен басқаруын анықтауға бағытталған. Тәуекелді басқару бойынша саясат пен үдеріс ұсынылатын банк өнімдері мен қызметтерін және жақсы тәжірибе болатын нарықтық жағдайлардың өзгерісін бейнелеу мақсатымен жүйелі негізде қайта қаралады.

Директорлар кеңесі тәуекелді басқару бойынша бақылау, негізгі тәуекелді басқару және тәуекелді басқару бойынша саясат пен үдерісті мақұлдау, сонымен қатар ірі келісімдерді мақұлдау жүйесінің тиісті атқарылуына жауапкершілік алады.

Басқарма тәуекелді төмендету бойынша іс-шаралар мониторингі мен енгізуге жауапкершілік алады, сонымен қатар Компания белгіленген тәуекел шегінде қызметін жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекел-менеджерінің міндетіне тәуекелді жалпы басқару мен қолданыстағы заңнама талаптарын сақтауды бақылау, сонымен қатар қаржылық, қаржылық емес тәуекел бойынша есепті басқару мен құрастыру, бағалау, табу бойынша жалпы ережелер мен әдістерді қолдануды бақылауды жүзеге асыруды қадағалау кіреді. Тәуекелдің сыртқы, сондай-ақ ішкі факторлары Компанияның ұйымдастыру құрылымы шеңберінде анықталады және басқарылады.

## **13 Тәуекелді басқару, жалғасы**

### **(ә) Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық құнның өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша құралының әділ құны немесе болашақтағы ағыны өзгеруі тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелінен, сонымен қатар басқа да баға тәуекелдерінен құралады. Нарықтық тәуекел валюталардың айырбас курсы мен нарықтық бағалардың құбылмалығы деңгейінің өзгерісі және жалпы мен нарықтағы өзіндік өзгерістері ықпалына душар болған пайыздық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық бағдар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекел міндеті нарықтық тәуекел қолайлы параметрлер шеңберінен шықпау үшін басқару мен бақылау, сонымен бірге қабылданған тәуекелмен табыстылықты оңтайландыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Тәуекел басқару және Стратегия департаменті нарықтық тәуекелді басқару жауапкершілігін алады.

### **(і) Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі**

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі – бұл нарықтық пайыздық мөлшерлеме өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша құралының әділ құны немесе болашақтағы ағыны өзгеруі тәуекелі. Компания оның қаржы жағдайына мен ақша құралдары ағынына иелігіндегі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің ауытқуы ықпалын душар болуы мүмкін. Мұндай ауытқулар пайыздық маржа деңгейін арттыруы, алайда пайыздық мөлшерлеменің кенеттен өзгеруі шығынға әкелетін жағдайда оны төмендетуі мүмкін.

Пайыздық мөлшерлеме өзгерісі тәуекелі пайыздық мөлшерлеме арасындағы алшақтық мониторингі салдарынан бақыланады. Ірі қаржы құралдары үшін пайыздық мөлшерлеме жағдайы сипаттамасы келесі кестеде көрсетілген:

## 13 Тәуекелді басқару, жалғасы

### (ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы

#### (i) Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі, жалғасы

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі мониторингі арқылы басқарылады. Негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат келесі түрде көрсетіледі:

мың теңге	3 айдан кем	3-6 ай аралығы	6-12 ай аралығы	1-5 жыл аралығы	5 жылдан артық	Пайызсыз	Баланстық құны
<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>							
<b>АКТИВТЕР</b>							
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2,800,858	-	-	-	-	155,667	2,956,525
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтері	-	3,071	288,515	362,364	-	-	653,950
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	-	1,590,443	-	-	36,602,298	-	38,192,741
Басқа да активтер	-	-	-	-	-	2,666	2,666
<b>Барлық активтер</b>	<b>2,800,858</b>	<b>1,593,514</b>	<b>288,515</b>	<b>362,364</b>	<b>36,602,298</b>	<b>158,333</b>	<b>41,805,882</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ</b>							
Басқа да қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	-	6,630	6,630
<b>Барлық міндеттемелер</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>6,630</b>	<b>6,630</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>2,800,858</b>	<b>1,593,514</b>	<b>288,515</b>	<b>362,364</b>	<b>36,602,298</b>	<b>151,703</b>	<b>41,799,252</b>
<b>2015 жылғы 31 желтоқсан</b>							
<b>АКТИВТЕР</b>							
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2,186,575	-	-	-	-	35,511	2,222,086
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтері	-	3,071	3,258	656,660	-	-	662,989
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	-	1,590,443	-	-	36,773,468	-	38,363,911
Басқа да активтер	-	-	-	-	-	2,716	2,716
<b>Барлық активтер</b>	<b>2,186,575</b>	<b>1,593,514</b>	<b>3,258</b>	<b>656,660</b>	<b>36,773,468</b>	<b>38,227</b>	<b>41,251,702</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ</b>							
Басқа да қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	-	6,542	6,542
<b>Барлық міндеттемелер</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>6,542</b>	<b>6,542</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>2,186,575</b>	<b>1,593,514</b>	<b>3,258</b>	<b>656,660</b>	<b>36,773,468</b>	<b>31,685</b>	<b>41,245,160</b>

### 13 Тәуекелдерді басқару, жалғасы

#### (ә) Нарықтық тәуекел, жалғасы

##### (i) *Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі, жалғасы*

###### *Орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме*

2016 жылғы 31 желтоқсандағы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша орташа тиімді пайыздық мөлшерлемелер:

	<b>Орташа тиімді пайыздық мөлшерлеме, %</b>	
	<b>Теңге</b>	
	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Ақша қаражаттары және олардың баламалары «кері РЕПО» келісімдері бойынша дебиторлық берешек	11.18	61.24
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтері	5.64	5.64
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	6.36	6.36

###### *Пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне сезімталдықты талдау*

Таза кіріс немесе шығыстың және капиталдың пайыздық мөлшерлемелер өзгерісі салдарынан сату үшін қолданыстағы қарды активтерінің әділ құнының өзгеруіне сезімталдығын талдау (2016 жылы 31 желтоқсанда және 2015 жылы 31 желтоқсанда қолданыста болған позициялар негізінде және пайыздық мөлшерлемелердің арту немесе кему бағытына 100 базистік тармақтың кіріс қисығының параллель орын ауыстыруының қарапайым сценарийі бойынша) келесі түрде ұсынылуы мүмкін.

	<b>2016 жыл</b>	<b>2015 жыл</b>
	<b>Капитал мың теңге</b>	<b>Капитал мың теңге</b>
Мөлшерлеменің кему бағытына қарай 100 базистік тармақтың параллель орын ауыстыруы	8,164	14,359
Мөлшерлеменің арту бағытына қарай 100 базистік тармақтың параллель орын ауыстыруы	(7,987)	(13,926)

##### (ii) *Валюталық тәуекел*

2016 жылғы 31 желтоқсан және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы деректер бойынша Компанияның активтері мен міндеттемелері теңгемен көрсетілген.

#### (б) Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі – бұл Компания контрагентінің міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде туындайтын қаржылық шығындар тәуекелі. Компания кредиттік тәуекелді (танылған қаржы активтері бойынша немесе танылмаған келісімдік міндеттемелер бойынша) бекітілген саясаттар мен үдерістер қолдану арқылы басқарады.

Кредит тәуекеліне ұшыраудың максималды деңгейі негізінен қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген қаржы активтері құнында көрсетіледі. 2016 жылғы 31 желтоқсан және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы деректер бойынша Компанияның мерзімі асқан немесе құнсызданған қаржы активтері болмаған.

Есепті күндегі қарды активтері жағдайына қатысты кредиттік тәуекелге ұшыраудың максималды деңгейі келесі түрде көрсетілуі мүмкін.

## 13 Тәуекелді басқару, жалғасы

### (б) Кредит тәуекелі, жалғасы

	<u>2016 жыл</u> <u>мың теңге</u>	<u>2015 жыл</u> <u>мың теңге</u>
<b>АКТИВЫ</b>		
Ақша қаражаттары және оның баламалары	2,956,525	2,222,086
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтері	653,950	662,989
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	38,192,741	38,363,911
Басқа да активтер	2,666	2,716
<b>Барлығы кредиттік тәуекелге максималды ұшырау деңгейі</b>	<b><u>41,805,882</u></b>	<b><u>41,251,702</u></b>

#### **Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің өзара есебі.**

Төмендегі кестеде берілген ақпаратты жария етуге қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер туралы ақпарат та жатқызылады, олар:

- Компанияның қаржылық жағдайы туралы есепте өзара ескеріледі, немесе
- қаржылық жағдай туралы есепте өзара ескерілуіне тәуелсіз ұқсас қаржы құралдарына қатысты болатын теңдес келісімдер немесе өзара есеп туралы заңдық күші бар бас келісімнің нысаны болып табылады.

Ұқсас келісімдерге туынды клирингтік келісімдер, ғаламдық «репо» бас келісімдері, құнды қағаздарды несиеге беру туралы ғаламдық бас келісімдер жатқызылады. Ұқсас қаржы құралдарына туынды қаржы құралдары, «репо» келісімдер, «кері репо» келісімдер, несие беру және құнды қағаздарды несиеге беру туралы келісімдер жатқызылады.

Компания келесі келісімдерге қатысты нарықта айналымда болатын ақша қаражаттары мен құнды қағаздар түріндегі қамсыздандыруды алады және қабылдайды:

- деривативтер
- «репо» келісім, «кері репо» келісімі

Бұл қамсыздандыру ретінде алынған/кепілге берілген аталған құнды қағаздар келісімнің қызмет мерзімі ішінде кепілге берілуі немесе сатылуы мүмкін екенін білдіреді, алайда, келісім-шарттың аяқталу мерзіміне дейін қайтарылуы тиіс. Келісім-шарт талаптары әрбір контрагентке қамсыздандыруды ұсынуға қабілетсіз болуы нәтижесінде сәйкес келісімді тоқтату құқығын береді.

### 13 Тәуекелді басқару, жалғасы

#### (б) Кредит тәуекелі, жалғасы

##### Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің өзара есебі, жалғасы

Төмендегі кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы өзара есеп және теңдес келісімдер туралы заңды күші бар бас келісім-шарттың нысаны болып табылатын қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері ұсынылған:

Мың теңге

Қаржы активтері түрлері	Танылған қаржы активтерінің толық сомалары	Қаржылық жағдай туралы есепте өзара ескерілген танылған қаржы активтерінің толық сомасы	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген қаржы активтерінің таза сомасы	Қаржылық жағдай туралы есепте өзара ескерілмеген сомалар	Қаржы құралдары	Таза сома
«кері РЕПО» келісімдері бойынша дебиторлық берешек	2,800,858	-	2,800,858	(2,800,000)		858
<b>Барлығы қаржы активтері</b>	<b>2,800,858</b>		<b>2,800,858</b>	<b>(2,800,000)</b>		<b>858</b>

Төменде берілген кестеде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы өзара есептесу туралы қолданыстағы бас келісімде немесе басқа да теңдес келісімдердің нысаны болып табылатын қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер ұсынылған.

Мың теңге

Қаржы активтері түрлері	Танылған қаржы активтерінің толық сомалары	Қаржылық жағдай туралы есепте өзара ескерілген танылған қаржы активтерінің толық сомасы	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген қаржы активтерінің таза сомасы	Қаржылық жағдай туралы есепте өзара ескерілмеген сомалар	Қаржы құралдары	Таза сома
«кері РЕПО» келісімдері бойынша дебиторлық берешек	2,186,575	-	2,186,575	(2,150,331)		36,244
<b>Барлық қаржы активтері</b>	<b>2,186,575</b>		<b>2,186,575</b>	<b>(2,150,331)</b>		<b>36,244</b>

#### (в) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі бұл – Компания өз міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражаттарын тартуда қиындықтарға ұшырау мүмкіндігі тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімі бойынша сәйкес келмеген жағдайда туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері және пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкес келу және/немесе бақыланбайтын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқарудағы негізгі жағдай болып табылады.



## **13 Тәуекелді басқару, жалғасы**

### **(в) Өтімділік тәуекелі, жалғасы**

Өткізілетін операциялардың және олармен байланысты белгісіздіктің әр алуандығы салдарынан активтер мен міндеттемелер мерзімдері бойынша толықтай сәйкестік қаржы институттары үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды, бұл операцияның кірісін арттыруға мүмкіндік береді және шығын туындау мүмкіндігін жоғарылатады.

Компания өтеу мерзімінің туындауына байланысты барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражаттарының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында қажетті өтімділік деңгейін сақтайды. Өтімділік басқару саясатын Басқарма қарастырады және бекітеді.

2016 жылғы 31 желтоқсан және 2015 жылғы 31 желтоқсан бойынша қаржы активтері қаржылық міндеттемелерден бірталай артық болған және Компания айтарлықтай өтімділік тәуекеліне ұшырамаған.

## **14 Капиталды басқару**

Компанияның капиталды басқару бойынша ресми саясаты жоқ, дегенмен, басшылық капиталды Компанияның операциялық және стратегиялық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жеткілікті деңгейде сақтау үшін шаралар қолданады, сонымен қатар, нарық қатысушыларының сенімін сақтайды. Оған ақша қаражаттарын тиімді басқару, Компания кірісі мен табысына тұрақты мониторинг жүргізу, сонымен қатар, Компанияның операциялық қызметінен түскен қаражат құралдары есебінен қаржыландыратын ұзақ мерзімді инвестицияны жоспарлау арқылы қол жеткізуге болады.

2016 жылы «Құнды қағаздар нарығы туралы» заңға өзгерістер енгізілуімен байланысты Компания өзінің қызметін мемлекеттік лицензиясыз жүзеге асырады. Осының нәтижесі ретінде, 2016 жылы 31 желтоқсанда Компанияда капиталдың жеткіліктілігі бойынша талап қолданылған жоқ.

2015 жылғы 31 желтоқсанда Компания өтімділік активтер шамасына қатысты минималды деңгейден жоғары анықталған минималды капиталдағы жағдайларды шегеріп норматив сақтауға тиіс болды. Компанияның капитал жеткіліктілігі нормативі заңнамамен белгіленген деңгейге сәйкес болды.

## **15 Шартты міндеттемелер**

### **(а) Сақтандыру**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтері нарығы даму кезеңінде, сол себепті сақтандыру қорғанысының басқа елдерде қолданылатын көптеген формалары Қазақстан Республикасында әзірге қол жетімсіз. Компания толық көлемде ғимараттар мен құрылғыларды мүліктік немесе экологиялық шығынға қатысты сақтандырмаған. Компания өзінің қызметін жеткілікті дәрежеде сақтандырғанға дейін белгілі активтердің көрген шығындары немесе шығыстары Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайда теріс әсер етуі мүмкіндігі бар.

### **(ә) Аяқталмаған сот істері**

Басшылықта Компанияға қарсы қойылуы мүмкін әлеуетті арыздар турады, сонымен қатар, нақты немесе аяқталмаған сот істері туралы ақпарат жоқ.

## **15 Шартты міндеттемелер, жалғасы**

### **(б) Шартты салықтық міндеттемелер**

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салыстырмалы жаңа болғандықтан заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірмелердің және сот шешімдерінің жиі өзгеруімен, дұрыс мазмұндалмауы немесе қарама-қайшы болуымен сипатталады, бұл әр түрлі салық органдарының түрліше түсіндіруіне жол береді. Салықтарды есептеу дұрыстығына қатысты тексерістер мен зерттеулермен ірі айыппұл салуға және өсім есептеуге құқығы бар бірнеше реттеу органы айналысады. Есепті кезеңде салықтардың есептелу дұрыстығын соңғы бес күнтізбелік жыл үшін тексеруге болады. Дегенмен де, белгілі жағдайларда салық жылы ұзақ уақыт бойы ашық қалуы мүмкін.

Аталған жағдайлар Қазақстан Республикасында басқа мемлекеттердегі салықтық тәуекелдерден артық салықтық тәуекелдер тудырады. Басшылықтың пікірінше, салық міндеттемелері аталмыш қаржылық есептілікте толықтай келтірілуі керек және басшылықтың қолданыстағы Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасын, нормативті құжаттар мен сот органдарының шешімдерін түсіндіруіне орай қабылданады. Дегенмен, салық заңнамасын әр түрлі реттеу органдарының түсіндіруі әр түрлі болуын ескере отырып, реттеу органдары тарапынан мәжбүрлеу шаралары қолданылған жағдайда олардың қаржылық есептілікке айтарлықтай әсері болуы мүмкін.

## **16 Сенімгерлік басқару**

Компания Негізгі компания активтері сенімгерлік басқару бойынша қызмет көрсетеді, атап айтқанда, активтерді басқарады немесе алынған құралдарды әр түрлі қаржы құралдарына тұтынушы нұсқауларына сәйкес инвестициялайды. Компания аталмыш қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы алады. Сенімгерлік басқару үшін алынған активтер Компания активтері болып табылмайды және сәйкесінше оның қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетілмейді. Компания аталмыш салымдарды жүзеге асыру барысында кредит тәуекеліне ұшырамайды, себебі ол аталған инвестицияларды кепілдік бермейді. 2016 жылғы 31 желтоқсанда сенімгерлік басқарудағы активтердің әділ құны 809,826 мың АҚШ долларын құраған (270,233,611 мың теңге) (2015 жылғы 31 желтоқсан: 798,612 мың АҚШ доллары, (271,104,721 мың теңге)).

## **17 Байланысты тараптармен операциялар**

### **(а) Бақылау қатынасы**

2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы дерек бойынша Компания толықтай ҚРҰБ тиісті болып табылады.

Негізгі компания сыртқы пайдаланушыларға қол жетімді қаржылық есептілікті дайындайды.

### **(ә) Негізгі басқару қызметі мүшелерімен операциялар**

2016 және 2015 жылдардағы «Қызметкерлерге сыйақы беру» бабына қосылған сыйақының жалпы өлшемі келесі түрде ұсынылады.

	<b>2016 жыл</b>	<b>2015 жыл</b>
	<b>мың теңге</b>	<b>мың теңге</b>
Айлық ақы	113,614	174,148
Сәйкес салықтар	11,143	18,418
	<b>124,757</b>	<b>192,566</b>

## 17 Байланысты тараптармен операциялар, жалғасы

### (ә) Негізгі басқару қызметі мүшелерімен операциялар, жалғасы

2015 жылғы 31 желтоқсан және 2016 жылғы 31 желтоқсан бойынша негізгі басқару мүшелерімен операциялар шоттарындағы қалдықтар:

	2016 жыл мың теңге	2015 жыл мың теңге
<b>Қаржылық жағдай туралы есеп</b>		
Басқа да міндеттемелер	57,133	53,575

### (б) Басқа да байланысты тараптармен операциялар

2016 жылғы 31 желтоқсандағы басқа байланысты талаптармен операциялар бойынша сәйкес кіріс немесе шығыс және шоттар бойынша қалдық:

	Негізгі Компания мың теңге	Негізгі компанияның басқа да еншілес кәсіпорын-дары мың теңге	Мемлекеттік кәсіпорын-дар мың теңге	Барлығы мың теңге
<b>Қаржылық жағдай туралы есеп</b>				
<b>АКТИВТЕР</b>				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2,956,525	-	-	2,956,525
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтер		-	653,950	653,950
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар		-	38,192,741	38,192,741
Басқа да активтер	2,666	-	99,580	102,246
<b>КАПИТАЛ</b>				
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	-	-	(52,352)	(52,352)
<b>Кіріс немесе шығыс</b>				
Пайыздық кірістер	-	-	2,690,893	2,690,893
Операциялық кірістер	-	(26)	(76,421)	(76,447)
Қызмет көрсетудің операциялық кірісі	2,666	19	7,172	9,857
Басқа да шығыстар	(26,868)	-	-	(26,868)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	-	38,627	38,627
<b>Табыс салығы шегерілген басқа да жиынтық кіріс</b>				
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгеруі	-	-	(9,038)	(9,038)

## 17 Байланысты тараптармен операциялар, жалғасы

### (б) Басқа да байланысты тараптармен операциялар, жалғасы

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар қалдықтары және басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша сәйкес кіріс немесе шығыс:

	Негізгі Компания	Негізгі компаниян ың басқа да еншілес кәсіпорын- дары	Мемлекетт ік кәсіпорын- дар	Барлығы
	мың теңге	мың теңге	мың теңге	мың теңге
<b>Қаржылық жағдай туралы есеп</b>				
<b>АКТИВТЕР</b>				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2,222,086	-	-	2,222,086
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтер	-	-	662,989	662,989
ҚРҰБ комиссиялары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	2,716	-	-	2,716
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	-	-	38,363,911	38,363,911
Кейінге қалдырылған салық активі	-	-	61,369	61,369
<b>КАПИТАЛ</b>				
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	-	-	(43,314)	(43,314)
<b>Кіріс немесе шығыс</b>				
Пайыздық кірістер	-	-	2,473,116	2,473,116
Операциялық кірістер	(6,576)	(46,136)	(71,495)	(124,207)
Қызмет көрсетудің операциялық кірісі	2,716	-	-	2,716
Басқа да шығыстар	(34,896)	-	-	(34,896)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	-	31,579	31,579
<b>Табыс салығы шегерілген басқа да жиынтық кіріс</b>				
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгеруі	-	-	(47,999)	(47,999)

Байланысты тараптармен операциялармен байланысты қалдықтардың көпшілігі бір жыл ішінде өтеледі. Байланысты тараптармен операциялар қалдықтары бойынша қамсыздандыру жоқ.

## 18 Қаржы активтері және міндеттемелері: әділ құн және есепті жіктеу

### (а) Есепті жіктеу және әділ құн

Әділ құнды анықтау активті сату кезінде алынған немесе міндеттемені келісім-шарт жағдайында беру барысында төленген бағаны анықтауға арналған. Дегенмен, белгісіздікті ескеріп және субъективті талқылауды пайдаланып әділ құн активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді беру шеңберінде жүзеге асыратын ретінде түсіндірілмеуі керек.

Қаржы нарығында айналымда болатын қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеуге немесе делдалдық бағаға негізделеді. Компания барлық басқа қаржы құралдарының тура бағасын бағалаудың басқа әдістерін қолданып, бағалайды. Дегенмен, белгісіздіктер мен бағалаудың субъективтілігіне байланысты әділ құн активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді беру шеңберінде жүзеге асыратын ретінде түсіндірілмеуі керек. Барлық қаржы құралдарының болжалды құны шамамен олардың баланстық құнына тең болады.

## **18 Қаржы активтері және міндеттемелер: әділ құн және есепті жіктеу, жалғасы**

### **ә) Әділ құнды бағалау иерархиясы**

Компания әділ құнды келесі аталған бағаларды қалыптастыруда қолданылатын әділ құнды бағалау иерархиясын пайдаланып бағалайды.

- 1-деңгей: сәйкес қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеу (түзетілмеген).
- 2-деңгей: 1-деңгейге қатысты баға белгілеуден өзгеше, тікелей (яғни, баға белгілеу) немесе салдарлы (яғни, баға белгілеуден туынды деректер) арқылы қолжетімді болатын мәліметтер. Аталмыш санатқа ұқсас құралдары үшін белсенді нарықта нарықтық баға белгілеуді, белсенді ретінде қарастырылмайтын нарықтардағы ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеуді немесе басқа да бағалауларды пайдаланып бағаланатын құралдар жатқызылады, олардағы барлық пайдаланылатын мәліметтер тікелей немесе жанама түрде бақыланатын бастапқы мәліметтерге негізделеді.
- 3-деңгей: қолжетімді болып табылмайтын мәліметтер. Аталмыш санатқа бақыланатын бастапқы мәліметтерге негізделмеген ақпаратты пайдаланып бағаланатын құралдар жатқызылады, бұл жағдайда аталмыш бақыланбайтын мәліметтер құралды бағалауға біршама ықпал етеді. Аталмыш санатқа құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін талқыла немесе бақыланбайтын баға белгілеу талап етілетін ұқсас құралдар негізінде бағаланатындар жатады.

Кестеде 2016 жылғы және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдарын талдау әділ құны бойынша бағалау жатқызылатын иерархия деңгейлері тұрғысында көрсетілген. Сомалары қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомаларға негізделеді.

	<b>2016 ж. 2 деңгей мың теңге</b>	<b>2015 ж. 2 деңгей мың теңге</b>
<b>Қаржы активтері</b>		
Сату үшін қолданыстағы қаржы активтері	653,950	662,989
	<b>653,950</b>	<b>662,989</b>

Келесі кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарын талдау әділ құны бойынша бағалау жатқызылған иерархия деңгейі тұрғысында көрсетілген:

	<b>2-деңгей</b>	<b>Барлық әділ құн</b>	<b>Барлық баланстық құн</b>
<b>Мың теңге</b>			
<b>Активтер</b>			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2,956,525	2,956,525	2,956,525
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	35,630,908	35,630,908	38,192,741
Басқа да активтер - ҚРҰБ комиссиялары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	2,666	2,666	2,666

## 18 Қаржы активтері және міндеттемелер: әділ құн және есепті жіктеу, жалғасы

### (ә) Әділ құнды бағалау иерархиясы

Келесі кестеде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы құралдарын талдау әділ құны бойынша бағалау жатқызылған иерархия деңгейі тұрғысында көрсетілген:

Мың теңге	2 деңгей	Барлық әділ құн	Барлық баланстық құн
<b>Активтер</b>			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2,185,842	2,185,842	2,222,086
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	35,630,908	35,630,908	38,363,911
Басқа да активтер - ҚРҰБ комиссиялары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	2,716	2,716	2,716

## 19 Есеп беру күнінен кейін орын алған оқиғалар

Компанияның Инвестициялық комитетінің 2017 жылдың 17 ақпанындағы (№185 отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес Компания өз меншік активтерін (құнды қағаздар мен ақша қаражаттарының бөлігі) Компания мен ҚРҰБ арасында 2017 жылы 1 наурызда жасалған клиенттің активтерін сенімгерлік басқару келісімшарты негізінде ҚРҰБ-не сенімгерлік басқаруға береді.